Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 06.09.2021ж Қатысқандар:14 адам

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру жасау.
2. «Тіл-басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту
3. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы.
4. «Республика күні», «Алтын күз» мерекесінің сценраийін бекіту.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол жаңа оқу жылына топтардың жағдайлары жөнінде айтып өтті. Құрметті тәрбишілер, өздеріңізге тиесілі әр топ бекітіліп берілді. Яғни, сол топқа оның шешініп, киінетін бөлмесіне, жатын, топ бөлмесіне, әжетханасына, ауласына көмекші тәрбиешілермен бірге жауаптысыздар. Оның ішіндегі жиһаздар мен заттарға, ойыншықтар мен ыдыс-аяқтарға тікелей сіздер және көмекшілеріңіз жауапты. Сондықтан да әр нәрсеге мұқият, таза, ұқыпты ұстап, қызығушылық танытып, күтіп ұстаңдар. Мен бәрін көріп, аралап, тексеріп, мейірбикеден есебін алып, қайта оған жауапты екенін тағы да ескерткім келеді. Менімше, бар нәрселердің жаңа оқу жылына сақадай сай дайын деп ойлаймын,-деді.
Сөз алғандар: мейірбике Г.Әужебай сөз алды. Меңгеруші апай дұрыс айтады. Топтағы көмекші тәрбиешілерге тиісті жұмыстарын мен оларға айтып, бөліп, түсіндіріп бердім. Келенсіз жағдай орын алса оздеріңіз жауап бересіздер,-деді.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды.Тіл мерекесіне «Тіл-басты байлығымыз» тақырыбында ересек және ортаңғы топтарды ертеңгілік өткізілсін.Тіл адам қарым-қатынасындағы ең маңызды құбылыс,халықтың жаны ,оның мәдениетінің негізі адамдарды байланыстыратын ,тірек және тәрбие беру құралы болып табылады.Тіл-кай елде болмасын қастерлі.Құдіретті рухани,әр тарихи құндылық.Ол достықтың кілті,ынтымақтастықтың ,бірліктің бастауы.
3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы ата-аналар жиналысы болатынын, одан топтық ата-аналар жиналысын өткізу мәселесіне тоқталды. Осы айдың он бесіне Жалпы ата-аналар жиналысын өткіземіз деп күнін белгіледік. Ондағы қаралатын мәселелерге тоқталды. Ата-аналармен бірігіп жүргізілетін жұмыстар ашық есік күні, ата-аналарға кеңес т.б. жұмыстар атқарылады. Келген ата-аналарға осы жайныда сөз қозғап, түсіндіру керек, - деді. Мейірбикеге ата-аналарға арналған баяндама дайындауын ескертті. Келген ата-аналарды тіркеп, жақсылап күтіп, шығарып салайық, - деді.
4. Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде алда келе жатқан мерекелерді атап өтті. Әр топта осыған орай «Республика күніне», «Алтын күз» мерекелеріне ертеңгілік іс-шараларын өткізуі тиіс. Караша айының соңына дейін «Күз мерекесіне» арналған ертеңгілік іс-шараларының жоспары түзіліп, бекітіліп, өтілсін.

Шешімі:

1. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жұмыстары қолға алынсын.
2. «Тіл-басты байлығымыз» тақырыбында ертеңгілік өтілсін.
3. Мерекелерде барлық топтарда ертеңгілік іс-шаралары өтілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі А.Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

Мерзімі: 16.11.2021ж Қатысқандар:14 адам

Күн тәртібінде:

1. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
2. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындарды пайдалану.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценраийін бекіту
4. Кіріс құжаттарды талқылау

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз сөйледі.Ересек және ортаңғы топтардың Республика күніне дайындығы жақсы. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып белсенділік танытты. Балалардың тілдері жастарына лайықты дамыған. Тәрбиешілердің дайындығы өз деңгейінде. «Алтын күз» мерекесі ересек топта өткізілді. Топ мерекеге сай безендіріліген. Мерекелік іс-шара қызықты өтті. Ата-аналар да өз ризашылықтарын білдіруде.
2. Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері «Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындарды пайдалану» туралы айтып өтті. Ойын мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып, білу тәсілі. Ойын баланың жетекші іс-әрекеті. Ойынды тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде қолданады. Балалардың сөздік қорын дамытуда дидактикалық ойынның орны ерекше. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Балалардың тілін дамытуда ойындарды тиімді пайдалануды ұсынар едім.
3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова алдағы келе жатқан «Тәуелсіздік мерекесі», Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жүргізіліп, ертеңгілік сценарилері бекітілсін деген ұсыныс айтты.
   Тәрбиешілер: мерекелерге дайындықты бастап та жібердік. Сценарилердің жобасын да жасап қойдық. Сценарилерді ретке келтіріп, бекітуге әкелін, көрсетеміз.
4. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни, бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, оқып, талдап шықтық.

Шешімі:

1. Республика күні, «Алтын күз» мерекелері талқыланды.
2. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдаланылсын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценарилері бекітіліп, өтілсін.
4. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 3

Мерзімі: 06.01.2022ж Қатысқандар:12адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.
3. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы.
4. Кіріс құжаттарды талқылау

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз сөйледі.Мерекелер бекітілген күндері өткізілді .Тортарда тепературалық тәртіп сақталуды ,әр жұма күні білім бөліміне мәлімет тапсырылуда.Оқу-тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сәйқес өтілуде.
2. Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз сөйледі. Ерсек топта өтілген Тәуелсіздік күні мерекесі өз деңгейінде өтті. Тәрбиеші мен балалардың дайындығы жоғары деңгейде. Желтоқсан құрбандары жөнінде түсіндіріліп, тақпақтар айтылды. Әндері де тақырыпқа сай айтылды. Жаңа жыл мерекесіне келетін болсақ, мереке ата-аналармен бірлесе өткізілді. Ата-аналар мен балалардың белсенділігі жақсы.Жалпы мереке қызықты өтті.
   Сөз алғандар: тәрбиеші А.Аязова бізге мерекеге дайындыққа ата-аналар көмектесті. Оларғы алғысымызды білдіреміз. Өзге топ ертеңгіліктері де өз деңгейінде өтті деп ойлаймын.
   Тәрбиеші: К.Коскараева
   Жаңа жыл мерекесін бүлдіршіндер бір жыл бойы күтетін мереке .Оған үлкен дайындық жүргізіледі.Бұл дайындыққа ата-аналарда белсене қатысады.Балаларға жана жылдық сыйлықтар дайындайды.Әр түрлі кейіпкерлердің жүрісін салып жаттаған тақпақтарын айтып ,балалар мәз мейрам болды.
   Тәрбиеші: Г.Алибаева
   Биылғы жаңа жылда үлкен балаларға жақсы сыйлықтар дайындалды .мерекеге қонаққа ертегі кейіпкерлері келді.Мереке ата-аналарға және балаларға қатты қуаныш сыйлады.
3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі аралық мониторинг қорытындысы жөнінде айтып өтті. Монторинг қорытындысы бойынша тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің деңгейлері орташа деңгейде болды. Бұдан әрі тәрбиешілер баланы ұйымдастыру шеберлігін арттырып, балалардың білімдерін дамыту жұмыстарын жақсартады. Көрнекілік санасына көңіл бөліп, өз білім деңгейін көтеру жұмыстарын жүргізеді деген сенімдемін.
4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни,бұйрықтар мен хаттар жайында түсінідіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, оқып, талдап шықтық.

Шешімі:.

1. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелері талқыланды.
2. Педагогтар мен балалар арасындағы аралық мониторинг көрсеткіші бойынша кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілсін.
3. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбаева

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі: 03.03.2022ж Қатысқандар:14 адам

Күн тәртібінде:

1. 8 наурыз,22 наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
2. «Балалардың экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру тәрбиешілердің жұмысының нәтижесі» (тақырыпты бақылау қорытындысы)
3. 1,8,9 мамыр,Наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
4. Кіріс құжаттарды талқылау.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол өз сөзін ұжымдағы қыз-келіншектерді «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс-шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс-шара сценарийін түзіп,бекітілсін деген ұсыныс айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек , - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан , мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мерекс сценарийі түзіліп, бекітілсін.
   Сөз алғандар: Тәрбиешілер
   Мерекелік дайындықты бастап та жиберғенбіз. Сценарийді де түзіп қойдық.
   Ретке келтіріп бекіттіреміз.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзін былай бастады. XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алған қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбис мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. «Балалардың экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру тәрбиешілердің жұмысының нәтижесі»тақырыбында бақылау жұмысы жүргізілді.Сондай ақ баланың табиғатты қорғай білуге білімдерін жетілдіру, қабілетін арттыру,қоршаған ортаны таныстыру барысында бақылау жасаудан.мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін білімдерін нақтылау баса назар аударылады. Сол себепті ортаңғы және кіші тобында белгілі бір тақырыпта бақылау ,саяхат әңгіме жүргізгенде балаларға берілетін білім мен зат арасында шартты байланыс болғанда ғана сөздік атауларын бала саналы түрде түйсініп ,дәл танып біледі .Тексеру барысында топтарда табиғат бұрыштары бар,күн тәртібіне сәйкес серуен және бақылау іс –әрекеттері жүргізіліп жатыр.
3. Келесі мәселе алдымызда келе жатқан Ұлы мерекелер жайлы болмақ – деді балабақша меңгерушісі. Өздеріңіз білесіздер мамыр айында бізде үш мерекс бар. 1-мамыр Қазақстан Халықтарының Бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9- мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Бұл мерекелерді ойдағыдай атап өтуіміз керек. Әсіресе Ұлы Жеңіске биыл 77 жыл. Ұлы Жеңістің 77 жылдық мерей тойын ойдағыдай өткізуіміз керек. Тәрбиешілер өз ойларыңызды жинақтап, сценарийін түзіп, бекіттіріңіздер.
   Тәрбиешілер: ия, біз бұл мерекелерді де ойлап жүрміз. Және де наурыз мерекесін ойдағыдай өткізіп алған соң, бұл мерекеге жаппай кірісеміз. Сценарийін түзіп, бекіттіреміз. Ұлы Жеңіс күніне ауылдағы соғыс ардагерлерін

қонаққа шақырсақ па деп отырмыз. Немесе өзіміз барып құттықтап қайтсақ па екен – деп ойлап отырмыз. Мұның бәрін дайындық барысында ойласып, бір шешімге келіп, іс-шара сценарийін бекіттіреміз.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни,бұйрықтар мен хаттар жайында түсінідіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, жауап қайтарылатын хаттар болса орындалады, - деді.

Шешімі:

1. 8- наурыз, 22 – наурыз мерекелерінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
2. Топтарда тақырыптық тексерулер жүргізілсін.
3. 1,7,9 – мамыр мерекелерінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
4. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбасва

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 5

Мерзімі: 24.05.2022ж

Қатысқандар:14 адам

Күн тәртібінде:

1. 8 наурыз,22 наурыз мерекелерін талқылау.
2. 7.9 мамыр,1 маусым «Қош бол, балабақша!» мерекесінің бағдарламасын бекіту.
3. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін дайындау .
4. Кіріс құжаттарды талқылау.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. 8-наурыз мерекесін әр топ ойдағыдай атап өтті. Дайындықтарың жақсы. Балаларыңда көңілді болды. Ана туралы ән-тақпақ айтып, би биледі. Көріністеріңде тамаша! Көктем аруының қонаққа келуі де бір ғажайып болды.
   Ал, енді 22 наурыз мерекесіне келетін болсақ, мереке ойдағыдай өтті. Бірақ кемшіліктері де болды. Қандай кемшілік екенін өздерінізде біліп отырған шығарсыз. Дайындықтарыңыз жоқ. Сіздерге көмек болсын деп мерекені сайыс түрінде де өткіздік. Бірақ сіздердің дайындықтарыңыз мүлдем жоқ десек те болады. Неге?
   Өткен мереке өтті. Бірақ әлі алда талай мереке бар. Осы кемшіліктер келесі де қайталанбасын. Бұл сіздерге ескерту. Сіздердің жұмыс жасап жатқандарыңыз, еңбектеріңіз осындай мерекелік іс-шараларда көрінеді.
2. Екінші мәселе бойынша да балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Міне, бұл жылға оқу жылымызда аяқталып қалды. Ортаңғы топ балаларымыз бір жасқа есейді. Енді олар мектепке барады. Сол себепті осы мамыр айының соңына қарай балалармен «Қош бол, балабақша!» меркесін өткіземіз. Мереке осы жолы ойдағыдай , өте жақсы болуы тиіс. Меркені өткізуді ортаңғы топ тәрбиешісі Мусабаева Ф және Ерте жас тобының тәрбиешісі К. Коскараева және де музыка жетекшісі Жақсылық Ә-ға жүктеймін.
3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесімен таныстырып өтті.Мамар айының 25-ші жұлдызынан бастап жазғы сабақ кестесіне өтеміз.
4. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни,бұйрықтар мен хаттар жайында түсінідіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, жауап қайтарылатын хаттар болса орындалады, - деді.

Шешімі:

1. «Қош бол, балабақшам!» мерекесінің бағдарламасы түзіліп, бекітілсін.
2. Баланың денесін қалыптастыру максатында тыныс алу жаттығулары, серуен,шынықтыру шаралары көбірек жүргізілсін.
3. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбасва

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 6

Мерзімі: 25.07.2022ж

Қатысқандар:14адам

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылына дайындық
2. Жөндеу жұмыстары туралы
3. №1 педкеңеске дайындық
4. Кіріс құжаттарды талқылау

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жайлы айтып өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы және жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын талдады. Жалпы жаңа оқу жылына дайындық жұмысы қалай жүріп жатқандығы жайлы айтты. Тамыз айының соңғы күндері біз үшін жауапты әрі маңызды, өйткені жаңа оқу жылына дайындық аяқталып, атқарылған жұмыстың нәтижелері жария болады. Бүгінде жаңа оқу жылына толық дайынбыз,- деді балабақша меңгерушісі.
2. Екінші мәселе туралы балабақша шаруа меңгерушісі сөз алды. Ол алдағы атқаратын жұмыстар жайлы айтып өтті. Енді кезкеті балабақшамызды жөндеу жұмыстарынан өткіземіз. Барлық бөлмелерді әктеп, ақтап, сырлап шығамыз. Түскен, бұзылған, сынған жерлер болса айтыңыздар, барлық жерлерді жөндейміз. Жөндеу жұмыстарына керекті құрал-жабдықтарды алып қойдық. Енді іске кірісеміз.
3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол тамыз айында болатын №1 педагогикалық кеңес жайлы айтты. №1 педкенесте жаңа 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту туралы болады. Және де тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы болады. Сонымен қатар барлық қызметшілердің лауазымдық міндеттерін жүктеп, ішкі еңбек тәртібімен таныстырып шығамыз. Бұл педагогикалық кеңес бәріміз үшін өте маңызды. Сол үшін осы кеңеске дайындық қызу үстінде жүргізілсін.
4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни,бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, жауап қайтарылатын хаттар болса орындалады, - деді.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылына дайындық қызу түрде жүргізілсін.
2. Балабақшаны жөндеу жұмыстары басталып, жүргізілсін.
3. №1 педкеңеске дайындық жүргізілсін.
4. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Торайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Тәліпбаева